

Ақ Орда

7 сынып

- **XIII ХҮ ғғ** Шығыс Дешті Қыпшақта өмір сүрген мемлекет Ақ Орда.
- Мемлекет Орда *Ежен мен Шайбан* хандардың жерін қамтыды. Мемлекет 240 жыл өмір сүрді.
- Орталығы Сығанақ қаласы.
- **Территориясы:** Жайық өзенінен Батыс Сібір ойпатына дейінгі, Сырдарияның орта және төменгі ағысы аралығындағы жерді қамтыды.
- Ақ Орда жергілікті түрік тілдес ру тайпалардан құрылған патриархалдық феодалдық мемлекет болды.
- Қазақ халқының қалыптасып, мемлекетінің құрылуында Ақ Орда зор тарихи рөл атқарды.

- **XIY ғ II жартысынан** бастап Ақ Орда Алтын Ордадан біржола бөліне бастады.
- *Ерзен* мен *Мүбәрак* хандардың тұсында, әсіресе Ұрыс хан кезінде Алтын Ордадан мүлде оқшауланды.
- **1327-1328 жж Мүбәрак** хан Сығанақ қаласында өз атынан теңге соқтырды.
- **XIY ғ II жартысынан** бастап Өзбек ханның баласы Жәнібектен кейін Алтын Ордада аласапыран төңкеріс басталды.
- **60 жж** өзінде бір жылда төрт хан ауысты.
- Осыны пайдаланған *Ұрыс* хан билікті қолына алып, мемлекеттің саяси жағдайын нығайтты. **1368-1369 жж** Ұрыс хан Сығанақ қаласында теңге соқтырды.

□

- **1374- 1375 жж** Ұрыс хан Еділ бойына жорық жасап, *Сарайды, Қажы Тарханды*, алып, Кама бұлғарларын бағындырды.
- Бірақ Орта Азияда Әмір Темірдің күшеюінен сескенген Ұрыс хан Сырдария бойындағы өз иелігіне оралады. Жол бойында өзіне көмектесуден бас тартқан Түй Қожаны жазалайды.
- Түй Қожаның баласы Тоқтамыс Әмір Темірге қашып барады. Әмір Темір Тоқтамысты пайдаланып, Алтын Орда мен Ақ Орданы басып алуға тырысады.
- Тоқтамыстың Ақ Ордаға жасаған бірнеше жорығы нәтижесіз болды.
- Тоқтақия қайтыс болған соң Әмір Темір Тоқтамысты Ақ Орда тағына отырғызады.
- Бірақ Тоқтамыс Темір Мәліктен Сауран түбінде жеңіледі.
- **1379 жылы** Тоқтамыс Темір Мәлікті жеңіп, Сығанақты біржола қолына алады.

- Осы кезден бастап Тоқтамыс Әмір Темірге тәуелді болғысы келмей оған қарсы әрекет жасай бастады.
- **1380 жылы** Тоқтамыс Алтын Орданы басып алды.
- **1395 жылы** Әмір Темір Тоқтамыстың орнына Ұрыс ханның баласы *Қойршақ оғланды* хан етіп қояды.
- Ақ орданың соңғы ханы Барақ Сырдария бойындағы қалаларды қалаларды қайтару үшін күрес жүргізді.
- Ұлықбекті жеңіп, көптеген қалаларды өзіне қайтарды.
- **1428 жылы** Шығыс Дешті Қыпшақтағы билік *Әбілқайыр* ханға тиеді.
- Сығанақ қаласы диқаншылық пен жартылай көшпелі мал шаруашылығына қолайлы болды.

▣ *Ерзен ханның* кезінде Ақ Орданың қалалық мәдениеті дами түсті. Хан *Отырар, Сауран, Жент, Баршынкент* қалаларында мешіт, медреселер салдырып, Сығанақ қаласын Орта Азия мен Шығыс Дешті Қыпшақтың арасындағы басты сауда орталығына айналдырды.